- Тоңазытқышты пайдаланар алдында берілген нұсқаулықпен танысып шығыңыз және келешекте анықтамалық мәлімет алу үшін оны сақтап қойыңыз.
- Осы нұсқаулық электрондық және механикалық басқару түрі бар бірнеше үлгіге қатысты болғандықтан, берілген тоңазытқыштың кейбір қызметтері төменде суреттелгеннен ерекшеленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ	Өмірге қауіпі бар және ауыр жарақат алу қаупі бар екендігі туралы ескертеді.
АБАЙЛАҢЫЗ	Жарақат алу қауіпі туралы немесе құрылғының бұзылуы туралы ескертеді.

БАСҚА ДА БЕЛГІЛЕР

	Әрекетке тыйым салынады.
	Бөлшектеуге болмайды.
	Ұстауға болмайды.
	нұсқаулықты қатаң сақтаңыз.
	Розеткадан электркөзі шнурының айырын ағытыңыз.
	Электр тогы соғуының алдын алу үшін жермен байланыстырыңыз.
	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Берілген ескерту белгілері сізді және айналаңыздағыларды жарақаттан қорғауға арналған. Оларды міндетті түрде орындаңыз.
Аталмыш бөліммен танысқаннан кейін оны келешекте пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

ЕО сәйкестік белгісі

Бұл өнімнің Еуропалық одақтың №643/2009 ережесі бойынша қабылданған Төмен кернеу стандартына (2006/95/EC), Электрмагнитті сыйысымдылық стандартына (2004/108/EC), ДжҚ стандартына (2011/65/EU), Комиссия стандартына (EU) № 1060/2010 және Эко-дизайн стандартына (2009/125/EC) сәйкестігі анықталған.
(Еуропалық одақта сатылатын өнімдер үшін)



ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАТАҢ ШАРАЛАРЫ

- Аталмыш немесе басқа да тоңазытқышты кәдеге асыру кезінде балалар немесе үй жануарлары оның ішінде қамалып қалмас үшін есігін немесе есіктің нығыздауышын және құлпын алып тастаңыз. Балалар тоңазытқышпен ойнамас үшін оларды қадағалап отырыңыздар.
- Қаптаманы қоршаған ортаға зияны тимейтіндей етіп кәдеге асырыңыздар.
- Балалар оның ішіне кірмес үшін тоңазытқыштың сөрелерін алмаңыз. Тоңазытқышты кәдеге жаратпас бұрын оның артқы бөлігінде орналасқан ешбір түтікшенің зақымданбағанына көз жеткізіңіз.
- Хладагент ретінде R-600a немесе R-134a газы қолданылады. Корпустың артқы бөлігінде орналасқан компрессордың маркировкасымен немесе тоңазытқыштың ішіндегі зауыттық кестемен танысыңыз және хладагент ретінде көрсетілген газдардың бірі қолданылатындығына көз жеткізіңіз. Егер берілген құрылғыда (R-600a хладагенті) өртке қауіпті газы болса мұндай құрылғыны экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мәселесі бойынша жергілікті билік органдарына хабарласыңыз. Изоляцияда циклопентан қолданылады. Изоляциялық материалдар құрамындағы газдар ерекше кәдеге жарату процедурасын қажет етеді. Мұндай газдарды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз кәдеге жарату мәселесі бойынша жергілікті билік органдарына хабарласыңыз. Тоңазытқышты кәдеге жаратпас бұрын оның артқы бөлігінде орналасқан ешбір түтікшенің зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Түтікшені ашық жерде кәдеге асыру керек.



ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАТАҢ ШАРАЛАРЫ

- Тоңазытқышты қолданар алдында оны нұсқаулыққа сәйкес қолайлы жерге орналастырыңыз және орнатыңыз.
- Тоңазытқышты су тиетін жерге немесе ылғалды жерге орнатпаңыз.
- Электр бөлшектері изоляциясының бүлінуі электр тогына түсуге немесе тұтануға әкеліп соғады.
- Тоңазытқышты тікелей күн сәулесі түсетін, сонымен қатар пеш, бөлме жылытқышы немесе басқа да құрылғылар сияқты жылу көздері бар жерлерге орналастырмаңыз.
- Тоңазытқышты жермен байланстыру керек.
- Электр тогына түсуді болдырмау үшін тоңазытқышты жермен байланыстыру керек.
- Газ түтікшесін, телефон желісін немесе электр токтарының басқа да өткізгіштерін жермен байланыстыру нүктесі ретінде пайдаланбаңыз.
- Жермен байланыстырушы тіркеуішті дұрыс пайдаланбау электр тогына түсуге әкеліп соғады.

- Бір ғана электркөзі блогына бірнеше құрылғыны қоспаңыз. Тоңазытқыш жұмыс кернеуі тоңазытқыштың зауыттық кестесінде көрсетілген кернеуге сай келетін жеке розеткаға қосылу керек.
- Бұл құрылғының тиімді жұмысын және сымдар қызып кеткен жағдайда тұтануға әкеліп соғуы мүмкін үй электр желісінің шамадан тыс пайдалануының алдын алуды қамтамасыз етеді.
- Электркөзі шнур айырын бекітілмеген қабырға розеткасына қоспаңыз.
- Кері жағдайда тұтану қауіпі немесе электр тогына түсу қауіпі бар.
- Электркөзі шнурын төмен қарай ілініп тұратындай дұрыс қосыңыз.
- егер айырды төмен қарап тұрған күйінде қоссаңыз шнур зақымдануы мүмкін. Ол тұтануға немесе электр тогына түсуге әкеліп соғады.
- Барлық ұзындығы бойынша немесе жан-жағында ақаулықтардың ізі бар электр көзі шнурын пайдаланбаңыз.
- Электркөзі шнуры зақымданған жағдайда шұғыл түрде өндірушіге немесе оны ауыстыру үшін техникалық қамтамасыз ету қызметіне хабарласыңыз.
- Электр көзі шнурының үстіне ауыр заттар қоймаңыз және шамадан тыс майысудан сақтаңыз.
- Тоңазытқышты жылжытқан кезде электркөзі шнурын зақымдап алмаңыз.
- Бұл тұтануға әкеліп соғуы мүмкін.
- Ақаулықты болдырмас үшін электркөзі шнурының тоңазытқыштың артқы қабырғасына тым таяу тұрғанынан сақтаныңыз.
- Электркөзі шнуры зақымданған жағдайда шұғыл түрде өндірушіге немесе оны ауыстыру үшін техникалық қамтамасыз ету қызметіне хабарласыңыз.
- Қаптама материалдарын балаларға қол жетімсіз жерде сақтаңыз.
- Балалар оны басына киіп алып тұншығып өлу қауіпіне ұшырауы мүмкін.
- Тоңазытқышты орнату кезінде розеткаға тікелей қолжетімділікті қамтамасыз ету керек.



ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

- Корпустағы немесе бекіту конструкцияларындағы желдету тесіктеріне кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны орнатқаннан кейін оны қоспас бұрын екі сағат күте тұрыңыз.



ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАТАҢ ШАРАЛАРЫ

- Электркөзі шнурын дымқыл қолмен қоспаңыз.
- Заттарды тоңазытқыштың үстінде сақтамаңыздар.
- Кері жағдайда есікті ашу немесе жабу кезінде зат құлап қалып жарақат келтіруі немесе құрылғыны бүлдіруі мүмкін.
- Тоңазытқыштың үстіне сұйықтығы бар контейнер қоймаңыз.
- Сұйықтық төгілген жағдайда тұтану немесе электр тогына түсу қауіпі бар.
- Балалар тоңазытқышпен ойнамас үшін оларды қадағалап отырыңыздар.
- Балалардың тоңазытқыштың есігінде асылып тұруына жол бермеңіз. Олар ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балалар тоңазытқышта қамалып қалуы мүмкін. Олардың ішіне кіруіне жол бермеңіздер.
- Мұздату камерасының ішкі қабырғаларына немесе оның ішіндегі азық-түліктерді дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Кері жағдайда үсіп кету қаупі бар.
- Бөтелкелерді тоңазытқыштан құлап қалмас үшін бір-біріне тығыз қылып орналастыру керек.
- Саусақтарыңызды диспенсердің тесігіне салмаңыз және оған басқа заттар түсіп кетпеуін қадағалап отырыңыз.
- Бұл жарақатқа немесе құрылғының зақымдануына әкеліп соғады.
- Тоңазытқышта ұшатын немесе тұтанатын заттар сақтамаңыз.
- Бензол ерітіндісі, спирт, эфир, сұйытылған мұнай газы немесе басқа да сол сияқты заттар жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.
- Берілген құрал үй жағдайында тек қана азық-түліктерді сақтауға арналған.
- Тоңазытқышта медициналық, химиялық немесе басқа да температураның өзгеруіне сезімтал препараттарды сақтамаңыздар.
- Тоңазытқышта қатал температуралық бақылауды қажет ететін заттарды сақтамаңыздар.
- Тоңазытқыштың немесе мұздату камерасының ішіне өндірушілер ұсынғаннан бөлек электр аспаптарын қоймаңыз және пайдаланбаңыз.
- Егер сіз химикат немесе түтін иісін сезсеңіз, шұғыл түрде электркөзі шнурының айырын розеткадан ағытыңыз және Samsung Electronics компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқышты өздігіңізден бөлшектемеңіз және жөндемеңіз.
- Кері жағдайда тұтану, тоңазытқыштың істен шығу және жарақат алу қаупі бар.
- Егер тоңазытқыш шаң болса немесе оған су тисе, шұғыл түрде электркөзі шнурының айырын розеткадан ағытыңыз және Samsung Electronics компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Кері жағдайда тұтану қаупі бар.
- Хладагенттің сыртқа шығуы байқалған кезде ашық отты және тұтанудың арнайы көздерін жойыңыз және бірнеше минут аралығында бөлмені желдетіңіз.
- Еріту процесін жылдамдату үшін өндірушілер ұсынғаннан бөлек қандай да бір механикалық және басқа да тәсілдерді қолданбаңыз.
- Хладагент контурының зақымдануын болдырмаңыз.
- Тоңазытқыштың ішкі жарықтандыру бөлшектерін ауыстырмас бұрын розеткадан электркөзі шнурының айырын ағытыңыз.
- Кері жағдайда электр тогына түсу қауіпі бар.
- Шамды ауыстыру кезінде қиындықтар туындаған жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер құрылғы жарық диоды бар шаммен жабдықталса, өз еркіңізбен шамның қақпағын және жарық диоды бар шамды шешіп алмаңыз.
- Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өндірушілер немесе қызмет көрсету орталығы ұсынған жарық диоды бар шамдарды қолданыңыздар.
- Егер құралдан әдеттен тыс дыбыс, күйген иіс, түтін шықса дереу түрде розеткадан қоректену айырын ажыратып, жақын жердегі қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- кері жағдайда электр тогімен өртену немесе өрт шығу қаупі бар.
- Егер құралдың ішіне кез келген бөтен заттар кіріп кетсе (мысалы су) дереу түрде розеткадан қоректену айырын ажыратып, жақын жердегі қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- кері жағдайда электр тогімен өртену немесе өрт шығу қаупі бар.



- Газтаралған жағдайда (мысалы: газ тәрізді пропан, сұйылған көмірсутек газы және т.б.) дереу түрде бөлме ауасын тазартыңыз. Құралдың қоректену бауына тиіспеңіз.
- Фенді қолданбаңыз.
- Ұшқын өрт шығуына немесе жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.



ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

- Егер тоңазытқышқа су төгіліп қалса, электркөзі шнурының айырын розеткадан ағытыңыз және Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны орнатқаннан кейін оны қоспас бұрын екі сағат күте тұрыңыз.
- Тоңазытқыштың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін:
- Мұздату камерасындағы ауаның еркін циркуляциясына кедергі келтірмес үшін азық-түліктерді артқы бөлігіндегі желдеткіш тесіктің жанына орналастырмаңыз;
- Тоңазытқышқа немесе мұздату камерасына азық-түлікті салмас бұрын оларды буып-түйіңіз немесе герметикалық контейнерге салыңыз;
- Жаңа азық-түліктерді қатып тұрған азық-түліктердің жанына қоймаңыздар.
- Мұздату камерасына газдалған және көпіршік сусындар қоймаңыздар. Мұздату камерасына бөтелке және шыны контейнерлерді салмаңыз.
- Ішіндегі қатқан кезде шыны жарылып, ал сынықтары жарақат келтіруі мүмкін.
- Қатырылған азық-түліктердің сақтау мерзімі мен жарамдылық мерзімін қадағалап отырыңыздар.
- Егер сіз үш аптадан кем болмауды жоспарласаңыз тоңазытқышты электркөзінен ағыту қажеттілігі жоқ. Алайда, егер сіз одан да артық болмауды жоспарласаңыз тоңазытқыштан барлық азық-түлікті алып тастаңыз. Тоңазытқышты өшіріңіз, оны тазартыңыз, жуыңыз және құрғатыңыз.
- Суға арналған ыдысты, мұзға арналған науаны және суға арналған текшелерді тек ауызсуға толтырыңыз.
- Киото хаттамасының тізіміне енгізілген фторы бар парник газдарынан құралған.
- Герметикалық жүйе.
- Атмосферға газ шығармаңыз.
- Хладагент: R-134a
- мөлшері: 160 г (дисплейі жоқ үлгілер) немесе 150 г (дисплейі бар үлгілер)
- ғаламдық жылыну мүмкіндігі (ҒЖМ) = 1300
- Киото хаттамасының тізіміне енгізілген фторы бар парник газдарынан құралған.
- Көпірік фтор құрайтын көшетхана газдарынан үрілген.
- Мұздатқышты кептіру үшін фенді қолданбаңыз. Мұздатқыш ішіндегі жағымсыз иистен құтылу үшін жағылған майшамды мұздатқыш ішіне орналастырмаңыз.
- Бұл өрт шығуына немесе жырылысқа алып келуі мүмкін.
- Шынының бетін қатты соғуға немесе оған қатты салмақ салуға болмайды.
- Сынған шыны адамға закым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.



ТАЗАРТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

- Ажыратқыш айырдың щтырьна шаңнан және кірден тазартыңыз.Алайда, бұл кезде су немесе ылғал шүберек қолданбау керек.
- Кері жағдайда тұтану немесе электр тогына түсу қаупі бар.
- Тоңазытқышты тазарту немесе жөндер алдында оны электркөзінен ажырату керек.
- Тоңазытқыштың ішін және оның сыртқы тазалау бетін тікелей су тиюден сақтаңыз.
- Кері жағдайда тұтану немесе электр тогына түсу қаупі бар.
- Тоңазытқыштың немесе мұздату камерасынының ішіне өндірушілер ұсынғаннан бөлек электр құрылғыларын қоймаңыз және қолданбаңыз.
- Тоңазытқыштың маңайына тұтанатын заттарды шашпаңыз.
- Кері жағдайда жарылыс немесе өрт қаупі бар.



ДҰРЫС ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Электркөзі істен шыққан жағдайда жергілікті энергетикалық компанияның офисіне хабарласып, жөндеу жұмыстары қаншаға созылатындығын біліңіз.
- Электркөзінің істен шығуы көбіне бір немесе екі сағат аралығында жойылады және тоңазытқыштың жұмысына әсер етпейді. Сөйте тұра электркөзі өшіп тұрғанда тоңазытқыштың есігін мүмкіндігінше аз ашыңыз.
- Электркөзінің істен шығуы 24 сағаттан аса уақытты алған жағдайда тоңазытқыштан барлық қатып тұрған азық-түліктерді шығарыңыз.
- Егер тоңазытқыштың жиынтығында кілттер болса, оларды құрылғының өзінен алшақ, балалардың қолы жетпейтіндей жерде сақтаңыз.
- Орнату кезінде жұмыс температурасының номиналды диапазонының максималды шегінен асып кеткен температуралы орында құрылғы құбылмалы түрде жұмыс істейді (азық-түліктердің немесе мұздату камерасындағы температураның көтерілу ықтималдылығы бар.)
- Төмен температурада тез бұзылатын азық-түліктерді (мысалы, банан, қауын) сақтамаңыз.
- Тоңазытқышты жібіту қажеттілігі жоқ, ол автоматты түрде жүзеге асады.
- Еріту процесінде температураның жоғарлауы ISO стандартының талаптарына сай келеді. Егер сіз тоңазытқышты еріткен кезде қатып тұрған азық-түліктердің керегі жоғары температурасының алдын алу үшін қатып тұрған азық-түліктерді бірнеше қабат қылып газетпен орап тастаңыз.
- Тоңазытқышты еріту процесінде қатып тұрған азық-түліктердің температурасының көтерілуі олардың жарамдылық мерзімін қысқартады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

- Тоңазытқышты жеткілікті дәрежеде желдетілетін салқын, құрғақ бөлмеге орнатыңыз. Оған күн сәулесінің тікелей түспегендігін қамтамасыз етіңіз және оны тікелей жылу көздерінің жанына орнатпаңыз (мысалы, жылыту батареялары).
- Тоңазытқыштың тесіктерін немесе шарбақтарын ешқашан жаппаңыз.
- Жылы тағамды тоңазытқышқа салмас бұрын бөлме температурасына дейін суытып алыңыз.
- Мұздатылған азық-түліктерді еріту үшін тоңазыту камерасына салыңыз. Бұл жағдайда сіз мұздатылған азық-түліктің төмен температурасын тоңазыту камерасындағы азық-түліктерді суыту үшін қолдана аласыз.
- Тоңазытқышқа азық-түлікті салу немесе одан азық-түлікті алу кезінде оның есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. есік барынша сирек ашылса, мұздату камерасында мұздың қатуы да барынша аз болады.
- Тоңазытқыштың артқы жағын ұдайы тазартып отырыңыз. шаң электр энергиясын тұтынуды арттырады.
- Температураны қажетті деңгейден төмен қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың асты мен артқы жағында ауа алмасуы үшін жеткілікті орын қалдыру керек. Желдету тесіктерін жаппаңыз.
- Тоңазытқышты орнату кезінде оң, сол, артқы және үстінгі жақтарынан саңылау қалдырыңыз. Бұл сіздің электр энергиясын тұтынуыңызды азайтады және осыған сәйкес электр энергиясына төлем сомасын да азайтады.

содержание мазмұны

тоңазытқышты орнату және баптау

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДЫҚ


Samsung тоңазытқышын алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Құрылғының көптеген заманауи функцияларына және жайлылықтарына көңілдеріңіз толады деген ойдамыз.




- Берілген тоңазытқышты пайдаланар алдында оны нұсқаулыққа сәйкес қолайлы жерге орнатыңыз және қойыңыз.
- Тоңазытқышты нұсқаулықта көрсетілген арналуы бойынша пайдаланыңыз.
- Берілген құрылғыға кез келген жөндеу жұмыстарын білікті мамандар жүргізу керек.
- Құрылғының қаптамасын кәдеге асыру кезінде оның қоршаған ортаға зиян келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқыштың ішкі жарықтандыру бөлшектерін ауыстырар алдында розеткадан электркөзі шнурының айырын ағытыңыз.
- Кері жағдайда электр тогына ұшырау қауіпі бар.

Тоңазытқышқа арналған ең жақсы орын таңдау

- Тоңазытқышты тікелей күн сәулесі түспейтін жерге орнатыңыз.
- Тоңазытқышты тегіс (немесе тегістеу) жерге орнатыңыз.
- Тоңазытқыш есігінің ашылуына жеткілікті кеңістікпен қамтамасыз етіңіз
- Тоңазытқышты айтарлықтай бос орын қалдыра отырып, тегіс жерге орнату керек.
- Егер тоңазытқыш тегіс орнатылмаса, суыту жүйесі дұрыс жұмыс істемейді.
- Талап етілетін орындар бойынша қосымша мәліметтер алу үшін төменде өлшемі көрсетілген суретке қараңыз.







- Ауа алмасуы үшін оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарын жеткілікті орынмен қамтамасыз етіңіз. Бұл электр энергиясын және ақшаны үнемдеуге көмектеседі.
- Тоңазытқышты температурасы 10 °C-тан төмен бөлмеде орнатпаңыз.
- Құрылғыны күтіп-баптау мен жөндеу жүргізе алатындай етіп орналастыру керек.




Тоңазытқышты баптау, күтіп-баптау немесе оның артқы кеңістігін тазарту кезінде оны мұқият жылжытыңыз, сосын оны қайта орнына қойыңыз.
Бөлме еденінің азық-түлікке толып тұрған тоңазытқыштың салмағын көтере алатындығына көз жеткізіңіз.
Кері жағдайда еден зақымдануы мүмкін.



Құрылғының орнын ауыстырған кезде электркөзі шнурын бүлдіріп алмас үшін тоңазытқыштың артқы жағына орап қойыңыздар.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТҮЗУЛЕТУ

Егер құрылғының алдыңғы бөлігі артқы бөлігіне қарағанда сәл жоғары орналасса, есікті ашу және жабу оңай болады.



<Жағдай 1> <Жағдай 2>

жағдай 1) Құрылғы солға қарай қисайып тұр.

- Көрсеткіш бойынша сол жақ реттегіш аяғын тегіс бұрағыштың көмегімен тоңазытқыш түзу тұрғанға дейін бұраңыз.

жағдай 2) Құрылғы оңға қарай қисайып тұр.

- Көрсеткіш бойынша оң жақ реттегіш аяғын тегіс бұрағыштың көмегіментоңазытқыш түзу тұрғанға дейін бұраңыз.


ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ БАПТАУ

Тоңазытқыш орнатылғаннан кейін, сіз оны баптай аласыз және құрылғының барлық мүмкіндіктерін аласыз.
Тоңазытқыштың функцияларын баптау үшін төменде берілген әрекеттерді орындау қажет.
Құрылғы дұрыс жұмыс істемеген жағдайда электркөзін және электр жүйесін тексеріңіз немесе осы нұсқаулықтың соңындағы ақаулықтарды жою бөліміне жүгініңіз
Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда Samsung компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1. Құрылғы мен қабырғаның арасына барынша бос орын қалдыра отырып, тоңазытқышты қолайлы орынға орналастырыңыз.
   Берілген нұсқаулықтағы орнату бойынша нұсқауларды қараңыз.
2. Тоңазытқыш электркөзіне қосылғаннан кейін, есік ашылғанда ішкі жарықтандыру іске қосылатындығына көз жеткізіңіз.
3. Температура реттегішті ең төменгі көрсеткішке қойыңыз және бір сағат күтіңіз.
   Мұздату камерасы біраз суу керек, ал мотор бірқалыпты жұмыс істеуі керек.
4. Тоңазытқышқа электркөзіне қосылғаннан кейін тиісті температура орнату үшін бірнеше сағат керек. Тоңазытқышта жеткілікті деңгейдегі төмен температура орнатқаннан кейін оған азық-түлік пен сусындарды салуға болады.

samsung тоңазытқышын пайдалану

БАСҚАРУ ПАНЕЛІМЕН ЖҰМЫС (ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАСҚАРУ ТҮРІ)



1 **КҮШТІ ҚАТЫРУ**	Мұздату камерасын азық-түліктердің қату процесін тездетеді. Бұл функция егер азық-түлікті бұзылып кетпес үшін тез қатырып тастауға немесе егер мұздату камерасындағы температура айтарлықтай жоғарлап кеткен жағдайда пайдалы (мысалы, толығымен жабылмаған есік салдарынан). Қажетті температураға жеткеннен кейін күшті қатыру функциясын өшіру үшін осы түймешені тағы бір рет басыңыз. “Мұздатқышты қосу” режимін іске қосу алдында тоңазытқыш иінтірегін “САЛҚЫН” күйіне орнатыңыз. Әйтпесе тоңазытқыш бөлімі мұздап қалуы мүмкін.
2 **МҰЗДАТУ КАМЕРАСЫ**	Температураның қажетті деңгейін орнату үшін Freezer (мұздату камерасы) түймешесін басыңыз. Температураның диапазоны –16 °C-тан -25°қа дейін.
3 **БАЛАЛАРДАН ҚАЛҚАЛАУ**	Барлық түймешелерді бұғаттау үшін 3 секунд аралығында балалардан түймешесін басып тұрыңыз. Бұл функцияны өшіру үшін бұғаттау түймешесін 3 секунд басып тұрыңыз.

4 **АШЫҚ ЕСІКТІҢ СИГНАЛЫ**	Door alarm (ашық есік сигналы) түймешесін басқан кезде хабарлау белгісі пайда болады. Егер тоңазытқыштың есігі ашық қалса, хабарлау белгілі бір уақыт аралығында (екі минуттай)өшеді. Бұл функцияны өшіру үшін Door alarm түймешесін тағы бір рет басыңыз.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАСҚАРУ (ЭЛЕКТРОНДЫҚ)

МҰЗДАТУ КАМЕРАСЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ


Мұздату камерасы температурасының диапазоны –16 °C-тан 25°қа дейін.

FREEZER TEMPERATURE CONTROL
COLD ➡ COLDER ➡ COLDEST

-16 °C	-17 °C	-18 °C	-20 °C	-21 °C	-23 °C	-25 °C

Экранда температураның қажетті көрсеткіші пайда болғанға дейін Freezer (мұздату камерасы) түймешесін басыңыз.
Мысалы балмұздақ сияқты кейбір азық-түліктер –16 °C-та еритінін ескертіңіздер.
Көрсетілетін көрсеткіштер реттілігі -16 °C-тан -25°қа дейін ауысып тұрады.
Нөлден төмен 16 °C-қа жеткенде экранда қайтадан тағы да -25 °C көрсеткіш пайда болады.
Бұл ретте температура индикаторы мұздатқыш бөлімшесіндегі температура өзгерістеріне сәйкес жаңартылатын болады.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ



Тоңазытқыш температурасының диапазоны –5-тен ¬ 1°C-ге дейін.
Көрсеткішті сағат тілі бойынша немесе оған қарсы қажетті температураға дейін бұраңыз.
Егер сіз көп мөлшерде азық-түлік сақтасаңыз немесе температура жеткіліксіз дәрежеде төмен болса, көрсеткішті COLDER (суығырақ) позициясына қойыңыз.
Орташа температураны орнату үшін көрсеткішті COLDER (суығырақ) пен COLD (суық) аралығына қойыңыз.
Егер сіз аз мөлшерде азық-түлік сақтасаңыз немесе олар қатып қалса, көрсеткішті COLD (суық) позициясына қойыңыз.
Егер сіз ұзақ мерзімді демалысқа, іссапарына шығуды жоспарласаңыз немесе тоңазытқыш пайдаланылмаса, көрсеткішті VACATION (демалыс) позициясына қойыңыз.
Тоңазытқыш өшеді, ал мұздату камерасы бұрынғыдай жұмыс істеп тұра береді.


АБАЙЛАҢЫЗ


Демалыс режимін қосар алдында тоңазытқыштан барлық азық-түліктерді алып тастау керек.



Есікті жиі ашқан кезде немесе көп мөлшерде ыстық тамақ сақталса, мұздату камерасының немесе тоңазытқыштың температурасы жоғарылап кетуі мүмкін.
Бұл кезде сандық экран белгі беріп тұрады.
Мұздату камерасының және тоңазытқыштың температурасы бастапқы көрсеткішіне келгенде белгі беру тоқтатылады.
Егер бұлай болмаған жағдайда тоңазытқышты қайта өшіріп қосу керек.
Тоңазытқышты электр көзінен ағытыңыз, он минут күтіңіз де, оны қайта іске қосыңыз.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАСҚАРУ (ҚАЙТАҚОСҚЫШТЫҢ КӨМЕГІМЕН)

Мұздату камерасы

«СУЫҒЫРАҚ» : артық көп мөлшердегі қатырылған азық- түліктерді сақтау үшін немесе тез арада мұз дайындау үшін.

«СУЫҒЫРАҚ» пен «СУЫҚ» аралығына : орташа температураны орнату үшін.


«СУЫҚ» : артық аз мөлшердегі қатып қалған азық-түліктерді сақтауға арналған.

- Мұздату камерасына көп мөлшерде азық-түлік салуға кем дегенде бір тәулік бұрын мұздату камерасына ең төмен температура орнатыңыз.

Тоңазытқыш


АБАЙЛАҢЫЗ

Демалыс режимін қосар алдында тоңазытқыштан барлық азық-түліктерді алып тастау керек.



«СУЫҒЫРАҚ» : артық көп мөлшердегі қатырылған азық- түліктерді сақтау үшін немесе жеткіліксіз дәрежедегі төмен температура кезінде.

«СУЫҒЫРАҚ» пен «СУЫҚ» аралығына: орташа температураны орнату үшін.

«СУЫҚ» : артық аз мөлшердегі азық-түліктерді сақтау үшін немесе қатырылған азық-түліктер үшін.

Демалыс режимі

- Егер сіз ұзақ мерзімді демалысқа, іссапарына шығуды жоспарласаңыз немесе тоңазытқыш белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмаса, көрсеткішті VACATION (демалыс) позициясына қойыңыз.
- Тоңазытқыш өшіп қалады, ал мұздату камерасы бұрынғыдай жұмыс істеп тұра береді.

МҰЗ ДАЙЫНДАУ

МҰЗ ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН АЙНАЛМАЛЫ НАУА

Мұз текшелерін дайындау

Мұзға арналған науаны өзіңізге қарай тарта отырып, бері шығарыңыз.
Науаның артқы жағында көрсетілген максималды деңгей белгісіне жеткенше оны суға толтырыңыз.
Суды төгіп алмас үшін мұқият науаны қайта ұстаушыға итеріп қойыңыз.
Мұз пайда болғанға дейін күтіңіз.
Қатыру уақыты Power Freeze (күшті қатыру) температура режимінде мұз текшелерінің қалыптасуына бір сағаттай кетеді.

Су деңгейі



Мұз текшелерін алу

Науаның астында мұзға арналған контейнердің бар екендігіне көз жеткізіңіз.
Егер жоқ болса, оны орнатыңыз.
Науа бұралғанға дейін, тұтқаның біреуін сағат тілі бойынша бұраңыз. Нәтижесінде мұз текшелері контейнерге түседі. Егер қажет болса, науаның екінші бөлігі үшін процедураны қайталаңыз.
Мұзы бар контейнерді шығару үшін:

- Оны көтеріңіз;
- Өзіңізге қарай тартыңыз.



Жарылыс қаупі

- Мұздату камерасында шыны бөтелкелі сусындар сақтауға болмайды.
  Шыны ішіндегі қатып қалған кезде, ол жарылып кетіп жарақат келтіруі мүмкін.




Көп орын алу үшін, мұзды дайындау үшін Сіз түпқойманы қайта монтаждай аласыз.
Бұл температуралық және механикалық сипаттамаға әсерін тигізбейді.
Мұздату камерасының берілген өлшемі жылжымалы жәшіктерді қоспағандағы өлшемді білдіреді.

СУҒА АРНАЛҒАН ДИСПЕНСЕРМЕН ЖҰМЫС (ҚОСЫМША)

Диспенсердің көмегімен тоңазытқыш есігін ашу қажеттілігінсіз салқын су алуға болады.

Суға арналған ыдысты көтеріп тұрып шығарыңыз.

- Оны көтеру үшін суға арналған ыдыстың екі жағынан ұстаңыз.
- Суға арналған ыдысты бірінші рет қолданған кезде оны жуу керек.




Ыдысты тегіс жерге берік орната отырып және артық судың ағып кетуіне арналған орынмен қамтамасыз ете отырып суға толтырыңыз.

• Суға арналған ыдыс 2,8 литрге есептелген. Егер ыдыстағы су бұл көрсеткіштен артық болса, қақпағын жапқан кезде артық су төгілуі мүмкін.

• Суға арналған ыдыс тоңазытқышта тұрғанда оны толтыру мүмкін емес.


1-тәсіл

Домалақ қақпақты ағытып алыңыз да ыдысты суға толтырыңыз.



2-тәсіл

Үлкен қақпақты ағытып алыңыз да ыдысты суға толтырыңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ Тек қана ас суын пайдаланыңыз.

Суға арналған ыдысты орнына орнатқаннан кейін тоңазытқыштың есігін жабыңыз.

• Есігін жапқаннан кейін диспенсердің краны сыртында тұрғанына көз жеткізіңіз.



Тоңазытқыштың есігіне суға арналған ыдысты берік қылып бекітіңіз. Кері жағдайда диспенсер дұрыс жұмыс атқармауы мүмкін. Суға арналған ыдысты орнатпай, тоңазытқышты пайдаланбаңыз. Бұл жұмыс тиімділігінің төмендеуіне әкеліп соғады.




Суағарының астына стаканды қойыңыз және онымен диспенсер рычагын ақырындап басыңыз. Суды шашыратпас үшін стаканды диспенсерге тура қылып орналастырыңыз.



Диспенсер құлыбының «ашық» күйде тұрғанына көз жеткізіңіз. Тек осы жағдайда ғана диспенсерден су құйып алуға болады.







• Егер сіз ұзақ мерзімге болмауды жоспарласаңыз тоңазытқышты босатыңыз және оны өшіріңіз. Құрылғының ішкі қабырғаларындағы артық ылғалды сүртіңіз және есігін ашық қалдырыңыз. Бұл зеңнің пайда болуын және жағымсыз иістің алдын алады.


• Егер тоңазытқыш ұзақ мерзім қолданылмаса оны розеткадан ажыратыңыз.




* Есіктің жоғарғы қалтасының температурасы мұздатқыш камерасының басқа бөлімшелерімен салыстырғанда шамалы жоғары.

ТОҢАЗЫТҚЫШТАН КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ШЫҒАРУ


1. Алдымен мұзға арналған науаны шығарыңыз, содан кейін мұздату камерасы сөресінің алдыңғы жағын көтеріңіз және оны өзіңізге қарай тарта отырып шығарыңыз.




2. Тоңазытқыштың сөресін көтеріңіз және оны өзіңізге қарай тартыңыз.




3. Көкөністерге арналған жәшік қақпағын көтеріңіз және оны өзіңізге қарай тартыңыз. Содан кейін жәшікті ортасына дейін жылжытыңыз да, оны көтеріңіз және өзіңізге қарай тартыңыз.




4. Суретте көрсетілгендей суға арналған ыдысты (қосымша) көтеріңіз және шығарыңыз.



5. Төмен температуралы катализацияланған хошиістендіргішті, оның төменгі бөлігіне басып, өзіңізге қарай тарта отырып шығарыңыз.



6. Есік сөрелерін көтеріңіз және шығарыңыз.





Керек-жарақтарды шығармас бұрын тоңазытқышта азық-түліктің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Жазатайым жағдайларды болдырмас үшін мүмкіндігінше тоңазытқышты толығымен босатыңыз.



Электр энергиясын тұтынуды оңтайлы ету үшін сөрелерді, жәшіктерді және себеттерді 9 беттегі суретте көрсетілгендей бастапқы орындарында қалдырыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАРТУ



Тазарту кезінде бензин, еріткіш немесе Clorox™ құралын қолданбаңыз.
Бұл тазалау бетінің зақымдануына және тұтану қауіпіне әкеліп соғады.



Тоңазытқыш желіге қосылып тұрса, су шашпаңыз.
Бұл электр тогына түсуге әкеліп соғады.
Тазарту кезінде бензол ерітіндісін немесе көлік жуғыш құралын қолданбаңыз.
Бұл тұтану қауіпін тудырады.

ІШКІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ БӨЛШЕКТЕРІН АУЫСТЫРУ



Жарықдиодты шамын ауыстыру үшін қызмет көрсету инженеріне хабарласыңыз.



Ұзақ уақыт бойы жарық диодты шамдарға ешқашан тіке қарамаңыз.
- Бұл ультра күлгін сәулелері көздің шаршауына әкеліп соғады.

ақаулықтарды жою

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Құрылғы мүлдем жұмыс істемейді немесе температурасы тым жоғары	• Электркөзі шнуры айрының дұрыс қосылғандығын тексеріңіз. • Алдыңғы панельде температура дұрыс қойылғандығын тексеріңіз. • Құрылғының тікелей күн сәулесі түсетін жерде немесе жылу көзінің қасында орналаспағандығын тексеріңіз. • Құрылғының қабырғаға тым жақын орналаспағандығын тексеріңіз.
Тоңазытқыштағы азық-түліктер қатып қалады	• Алдыңғы панельде ең төменгі температура орнатылмағандығын тексеріңіз. • Бөлмедегі температураның өте төмен еместігін тексеріңіз. • Тоңазытқыштың ең суық бөлімінде құрамында суы көп азық-түліктердің сақталмағандығын тексеріңіз
Жұмыс істеу барысында өзгеше дыбыстар пайда болады	• Құрылғының тегіс жерде тұрғанына көз жеткізіңіз. • Құрылғының қабырғаға тым жақын орналаспағандығын тексеріңіз. • ҚҚрылғының артына немесе астына басқа заттардың түспегендігін тексеріңіз. • Ерекше дыбыс компрессордан шықпайтындығын тексеріңіз. • Құрылғының ішінен тықылдаған дыбыс шығуы мүмкін, бұл-қалыпты жағдай. Бұл дыбыс құрылғының түрлі бөлшектерінің қақтығысы нәтижесінде туындайды.
Құрылғының алдыңғы бұрыштары және жан-жағы жылы және олардың үстеріне конденсаттар пайда бола бастайды	• Құрылғының алдыңғы бұрыштарында конденсат пайда болудан сақтап қалу үшін жылу ұстап тұратын түтікше орнатылған. Жоғарғы сыртқы температура жағдайында олар үнемі тиімді бола бермейді. Алайда мұнда тұрған еш өзгешелік жоқ. • Ауадағы артық ылғал салқын қабатпен байланысқа түссе конденсат пайда болады.
Құрылғыдан сылдыр сұйықтықтың дыбысы шыға бастайды	• Бұл құрылғының ішкі бөлігін суытатын хладагент.
Құрылғының ішінен жағымсыз иіс сезіледі	• Тоңазытқышта бұзылып кеткен азық-түліктің жоқтығын тексеріңіз. • Балық сияқты ерекше иісі бар азық-түліктер орау қағазына оралып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Мұздату камерасын бұзылып кеткен және күмәнді азық-түліктерден жүйелі түрде тазартып тұрыңыз.
Құрылғының қабырғаларында қақ пайда болды	• Желдеткіш тесікті сақтаулы өнімдер бітеп қалмағандығын тексеріңіз • Азық-түліктерді құрылғының желдеткішіне кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз. • Есіктің тығыз жабылғандығын тексеріңіз.
Құрылғының ішкі қабырғаларында және оның ішінде сақтаулы жемістерде конденсат пайда болады	• Бұл егер құрылғыда тиісті орамы жоқ құрамында сұйықтығы көп азық-түліктер сақталғанда немесе есік ұзақ ашылып тұрғанда пайда болады. • Азық-түліктерді орамда немесе герметикалық контейнерлерде сақтаңыз.

жазбаларға арналған

жазбаларға арналған


Қоршаған Ортаның Температуралық Шекаралары

Берілген тоңазытқыш/мұздату камерасы зауыттық кестеде көрсетілген оның температуралық класына сай қоршаған ортаның температурасында жұмыс істеуге арналған.

Класс	Белгі	Қоршаған орта ауасының температурасы (°C)
Қоңыржай ұлғаймалы	SN	+10-нан +32-ге дейін
Қоңыржай	N	+16-нан +32-ге дейін
Субтропикалық	ST	+16-нан +38-ге дейін
Тропикалық	T	+16-нан +43-ге дейін




Тоңазытқыштың/мұздату камерасының ішкі температураға оның тұрған жері, қоршаған ортаның температурасы және есіктің ашылу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Аталмыш факторлар әрекетінің орнын толтыру үшін қажетті температураны орнатыңыз.s.



Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау

(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

Қазақша



(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

050000, 31 Nauryzbay Batyr Str., Almaty,
Republic of Kazakhstan
Tel : 8-10-800-500-55-500(GSM: 7799)
www.samsung.com
Fax : +7-727 321-13-12



Өнімді қайта қолдануды жарнамалау мақсатында берілген тұтынушы нұсқаулығы қайта өңделген макулатура мен қағаз қалдықтарынан басып шығарылды.



Code No. DA99-01906K REV(1.6)